

**"Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы
" Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501
Жарлығына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Президентінің 2012 жылғы 8 сәуірдегі № 293 Жарлығы
Қазақстан Республикасының Президенті
мен Үкіметі актілерінің жинағында
жариялануға тиіс

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Мемлекеттік қызметшілердің лауазымдарын оңтайландыру жөніндегі шаралар туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 28 желтоқсандағы № 501 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2007 ж., № 49, 599-құжат; 2008 ж., № 9, 89-құжат; 2009 ж., № 12, 69-құжат; 2010 ж., № 51, 466-құжат; 2011 ж., № 37, 438-құжат; № 52, 710-құжат) өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

аталған Жарлықпен бекітілген Мемлекеттік әкімшілік қызметшілер лауазымдарының санаттары бойынша тізілімінде:
«С санаттарының тобы» бөлімінде:

С-1 санаты мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:
«Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитеті төрағасының орынбасары»;
сілтеменің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«² Орталық атқарушы органдардың, Ұлттық Банктің ведомстволарынан басқа (Ұлттық Банктің Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын бақылау мен қадағалау комитетінен басқа, ведомстволар құрамында департаменттер құру көзделмейді).».

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев